



Бухгалтерлік есеп нысандары



Бухгалтерлік есепті қазіргі заманға сай ұйымдастырудың негізі- әрқашан айналып тұратын лекті қайтадан жасау, кейбір жағдайларда есептен тыс ақпараттарды да жасау.



Есептің қайнар көзі деп мыналарды айтамыз:

**Бухгалтерлік
есеп және есеп
беру**

**Статистикалық
есеп беру**

**Жедел есеп
және есеп
беру**

**Ішінара есеп
мәліметтері**

Қазіргі уақытта микро- және макро- деңгейде шешім қабылдауды қамтамасыз етуші ақпараттық мәліметтер базасы (ұлттық шоттар жүйесінде есеп беру және бухгалтерлік баланс арқылы көрсеткіштерді беру жолы) құрылуда.



Статистикалық есеп қоғамда және шаруашылық қызмет ағымындағы мемлекеттік қызығушылық пен процестерді қамтамасыз етуге және ішкі, сыртқы қолданушыларға шешім қабылдау үшін пайдалы және қажетті ақпараттарды алуға арналған (бухгалтерлік).



Оперативті есепке қажеттіліктің туындау себебі бухгалтерия күнделікті қызметті жедел жоспарлау және реттеу үшін қажет ақпараттарды барлық уақытта бере алмайды. Бірақ, есептің интеграция және дифференция процестері оперативті болуына қажеттілік түрлі көзқарастардың пайда болуына себепші болды.



Есептен тыс көздерге жататындар:

**Ішкі ведомстволық
және ведомстводан
тыс ревизия,
аудиторлық және
сапалық қызметі
тексерісінің
материалдары**

**Анықтамалардың,
жазулардың
ақпараттары**

**Еңбек ұжымы
жиналыстарының
хаттамалары және
басқа да мәліметтері**


**Жоғары тұрған
ұйымдармен қаржылық,
несиелік және басқа да
ұйымдарға түсініктеме,
баяндау хаттарын жазу**

**Орындаушыларм
ен жеке байланыс
нәтижесінде
алынатын
мәліметтер**

Әр түрлі елдерде «басқару есебі» түсінігі әр түрлі. Алғашында оны ағылшын тілінде жазатын авторлар қолдана бастады.

Германияда бұл термин мүлде қолданылмайды, сәкесінше оқу курсы «Шығындарды және нәтижелерді есептеу» деп аталады.

Сондықтан да, ұсталымдардың есебі, бақылануы және талдануының жоспарлануы, ағымдық жылдық шығындары және сатудан түсетін түсім негізінде шектелінеді.



АҚШ-та, Канадада басқару есебі қаржылық және өндірістік инвестициялар, олардың қолданылуы және басқа да басқару мәселелері кіретін жекеленген сала ретінде қарастырылады.

Францияда «басқару есебі» түсінігінің орнына «маржиналдық есеп» (француз тілінен *marqinal-шекті*, анықталған көрсеткіштер арасындағы айырмашылықты бейнелеу) термині қолданылады, бұл маржиналдық пайда көрсеткіштерін қолдану арқылы перспективалық басқару шешімдерін тану және шектеулі ізденім дегенді ұғындырады.

Басқару есебі туралы алғашқы ескерту мерзімі 1855 жыл болып табылады және ол АҚШ-тағы «Лиман Миллс» фабрикасында қолданған есеп жүйесіне жатады. Бұл есептің даму процесінде өзіндік құнды калькуляциялаудың өзіндік қатары жасалынған:

**стандарт
-кост**


**директ-
костинг**

**Калькуляция-
лаудың
дифференциал
дық жүйесі**

Стандарт-кост жүйесін 1908-1909жж. Г. Эмирсон қолдануды ұсынған, мұнда нормативтерге сәкес кәсіпорын өз бетінше жоспарланған әр түрлі шығын түрлерін есептен шығару жолымен өзіндік құнды жасайды.



**Директ-костинг
жүйесінің дамуы Дж.
Кларк және Дж.
Харрис есімдерімен
байланысты, олар осы
жүйеге өзіндік құн
құрамында тек
айнымалы өндіріс
шығындарын есептеу
керек деген идея
берген.**



**Өзіндік құнды
калькуляциялаудың
бағыттарының бірі
дифференциалданған
жүйе болып табылады,
мұны ұсынған ғалымдар
Р.Каплан және Р.Купер,
олар осы жүйені
«Біркелкі жоғалту:
басқару есебі жүйесінің
төмендеуі және
жоғарылауы» (1988жыл)
деген еңбектерінде
жазған.**



Отандық тәжірибеде қолданатындай етіп бұл есеп түрі туралы қарастырған кеңестік авторлардың бірі С. Стуковты айтуға болады, ол 1988 жылы шыққан «Өндірістік есеп және бақылау жүйесі» атты кітабында бірінші рет оның ерекшеліктерін ашты. Ол жақсы тәжірибені «екі қолмен жинап алуды» ұсына отырып, өндірістік есепті ұйымдастырудың отандық, сонымен қатар шетелдік тәсілдерін кеңінен шолып өтті.



Жекелеген елдердің қазіргі ірі өнеркәсіптерінде қаржылық және басқару есептерімен қатар бюджеттік (жоспарлы) есеп те жекеленіп, айрықшаланатын. Қазіргі уақытта бұл есеп түрі екі бағытта дамуда:

- - қаржылық және басқару есебі құрамындағы интегралданған сметалық есеп (стандарттар, нормативтер және т.б);
- - басқару есебі ақпарат арқылы құрылған өзіндік бюджеттік есеп. Оның міндетіне жауапкершілік, міндеттемелерге байланысты енгізу мақсаты бар қабылданған шешімдерді бақылау кіреді;
- - өндіріс процесін түзетуге мүмкіндік беретін өндірістік параллельді бақылау.

Егер басқару есебінің жүйесі жабық болса, онда бейнелеуші немесе краншоттары секілді танымал шоттар, яғни жұптасқан бақылаушы шоттар, бірдей атаумен қолданылады. Мысалы шетелдік басқару есебінде келесі топтар ұсынылған:

- **Бейнелеуші шоттар;**
- **Өзіндік құн орталығының шоттары;**
- **Кіріс орталығының шоттары;**
- **Қызмет сегменттерінің шоттары;**
- **Аналитикалық нәтижелер шоттары;**
- **Ішкі өндірістік бөлімшелер есебінің шоттары;**
- **Ауытқудың шоттары.**

Басқару есебі дербес жүйе ретінде бірнеше нұсқалар арқылы ұйымдастырылады және нақты ақпарат пен жоспарлауды (нормалау, болжамдау) шоғырландырады. Сонымен қатар, ол әртүрлі нысандарды қабылдай алады:

- аналитикалық,**
- калькуляциялық,**
- маржиналдық және стратегиялық.**


Аналитикалық нысанды сипаттай отырып, оның негізінде талдау жасау тиімді, осыған сәйкес процедуралар жасау мәліметтерін ұсынып жатқанын айта кету қажет. Бұл принципті бұзу басқарудағы жеделдіктің жоғалуына және есеп жүйесінің қымбаттауына әкеліп соқтыралды.



Калькуляциялық нысан, калькуляциялық баптарға байланысты шығындарды біріктіруді жобалайды, бұл өнімнің (жұмыс қызметі) өзіндік құнын алып бару әдістеріне байланысты әртүрлі ауытқушылықтарды шоғырландыруға мүмкіндік береді.



Маржиналдық нысан негізінде қызмет сегменттеріне байланысты әртүрлілікті (маржа) анықтау жатыр, яғни айнымалы шығындар мен сатудың арасындағы айырмашылық (дирек-костинг).



Стратегиялық нысанға мәліметтер жиынтығы және олардың ара қатынасы (көрсеткіштері) қасиеттері тән, бұлар стратегиялық шешімдерді қабылдау нәтижесінде берілген уақыт мерзімі арқылы фирманың жағдайын анықтайды (фирманың құны, пайда сомасы және т.б.).



Қазіргі заманғы нарықтық экономикада калькуляциялық есеп қағидаларының маңыздылығы өсуде, мұның құрамына өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнын калькуляциялау бойынша есеп беру жариялылығы кіреді. Бұл, әсіресе, дәстүрлік профилде, халық кеңінен қолданатын тауарларды өндіру кезінде маңызды болып табылады (сату бағасын төмендету факторы). Сонымен қатар, есептік калькуляция жариялылығы, бәсекелестікпен, яғни бірдей өнім, қызмет және жұмыс өндірушілермен күресу кезінде күшті ақпараттық құрал бола алады.



**Назарларыңызға
рахмет!!!**

